**Тексерілді:**
**«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері А.Адилова**

**Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы**
**«Балдырған» ересек топ Қазан айы (1-апта)**

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырыпша: «Отбасы құндылықтары»
Апта күні :04.10-08.10.2021ж

| **Күн тәртібі** | Дүйсенбі 04.10 | Сейсенбі 05.10 | Сәрсенбі 06.10 | Бейсенбі 07.10 | Жұма 08.10 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру.Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру.Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу | Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б. ) | Домино Балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына мүмкіндіктер беру | Саусақтар ойыны «Жаңғақтар» | Суретпен әңгіме: «Біздің көше» | «Мекеніңе апар»№8 | «Қуыршақты оятпа» Мақсаты: Ақырын дауысты қолдана білуді дамыту. |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | Таңертеңгі жаттығу кешені | | | | |
| Таңғы ас | Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету | | | | |
| Ұйымдастырыл ған оқу қызметіне дайындық | Ауызша сөзжұмбақ Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. | Санамақ<br>Бір үйде бізнешеуміз<br>Кел санайық екеуміз<br>Бас бармағым ата м,<br>Балаң үйрек әкем<br>Ортаң терек әжем<br>Кішкене бөбек анам<br>Шылдыр шүмек мен | Кім алғыр? Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту. | Аз қимылды ойын «Түрпетек» Ойын арқылы ұйымшылдық пен достық силастыққа тәрбиелеу | Шаттық шеңбері<br>Қайырлы таң!<br>Алтын күн!<br>Қолшатырдың астында ,<br>Достарыммен біргемін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:** Менің отбасым Міндеті:Атааналарының еңбегі туралы әңгіме құрастыру. Сөйлеу барысында жай және күрделі сөйлемдерді қолдана білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға үйрету. Тыңдау және тілді түсіну **Сурет салу Тақырыбы:**Менің анам **Мақсаты:** Балаларды отбасы мүшелерін бейнелеуге үйрету, адамның тұлғасын салуға үйретуді жалғастыру, дене өлшемдерін нақты бере білуді жетілдіру. **Музыка** Жетекші маман жоспары бойынша | **Математика негіздері. Тақырыбы:**Геометриялық фигуралар (тіктөртбұрыш,шаршы,сопақша)Төртбұрышпен таныстыру (оны шаршымен және тіктөртбұрышпен салыстыру) **Орыс тілі.** Моя семья **Денешынықтыру** Жетекші маман жоспары бойынша | **Көркем әдебиет Тақырбы: Кішкентай бағбан** М.Төрежанов **Мақсаты:** Отбасы тақырыбына байланысты әңгіме оқып беру, оның мазмұнын ашу. Әдеби жанрды ажыратуға баулу. **Жаратылыстану Тақырыбы:** Жомарт күз | **Музыка.** Жетекші маман жоспары бойынша **Дене шынықтыру** Жетекші маман жоспары бойынша **Қоршаған ортамен танысу Тақырбы**: Менің отбасым **Құрастыру Тақырбы:** Менің үйім | **Дене шынықтыру** Жетекші маман жоспары бойынша **Жапсыру Тақырыбы**: Мақсаты:Атама арналған тымақ **Мақсаты:**Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздансимметриялы пішіндегі заттарды қиюға үйрету. Қағаздың бетіне заттардыорналастыруды жетілдіру |
| Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Карточка№1** Ауа Ауа райын бақылау Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру. Қимылды ойын: «Орамалмен ойнау» | **Карточка№17** Құмырсқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері, өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін анықтау Сонымен қатар, күзде олар ұзақ мезгіл – қысқа дайындалатынын жете түсіндіру. Қимылды ойын: «Құстардың ұшып кетуі» | **Карточка№25** Аула тазалаушының еңбегін бақылау Аула тазалаушының ауланы қандай құралдарды (сыпырғыш, күрек, қоқысқа арналған контейнер) пайдаланып тазалайтынын бақылау. Балаларды аула тазалаушының жұмысын жеңілдету үшін балабақша ауласын таза ұстауға көңілдерін аудару. Қимылды ойын: «Айгөлек» | **Карточка№26** Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау Байқағыштығын, назар салуларын дамыту; күздегі өлі табиғат құбылыстарын түсіндіру, киім үлгілерінің маусымдық, ауа-райына байланысты өзгеретінін баяндау; балалардың сөздік қорларын байыту Қимылды ойын: «Жаңбыр мен күн» | **Карточка№12** Алғашқы суық түскенін бақылау Таңертеңгілік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады. Өзендер мен көлдердің бетіне мұз қатты. Қимылды ойын: «Мысык пен тышқан» |
| Серуеннен оралу | Кезекпен шешіну, ойындар, балалардың еркін қызметі. Мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру Жинақылыққа тірбиелеу. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тамаққа аудару, тамақтану мәдениеті туралы жеке жұмыс жүргізу, этикет ережелері, сақтау,балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жактқызу. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Әуен ырғағымен жайлап ояну | Нүктелі массаж жасау | Қол аяқ бұлшықеттеріне жатығу жасау | Арқаға дене бұлшықетінегупкамен уқалау сипалау жаттығуларын жасау | Ортапедиялық жолақпен жүріп өту |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сипатына қарай ерекшеліктерін тап<br>Мақсаты: Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу | «Үйдің есігін жабайық» | Ойын – жаттығу «Әжемнің ас бөлмесі» Ұлттық тағам түрлерін естесақтау.Тазалық,ұқып тылық,дағдыларын қалыптастыруды,одан әрі нығайту. | М.Әлимбаев «Он саусақ»<br>Дидактикалық ойын: «Көлемі бойынша пішінді тап». | «Ойыншықты тап»<br>Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. |
| Бояумен таза жұмыс жасауды үйрету | Сандарды ажырата білуге үйрету | Сөйлегенде дауыс ырғағын дұрыс сақтап ,анық сөйлеуге үйрету. | ж-дыбысынанық айтуға үйрету | Әңгімелеу барысында ұялмай ойын толық жеткізе білуге үйрету |
| Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу | | | | |
| Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру | | | | |
| Балалардың жетістіктері туралы айту, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар, кеңестер беру | | | | |